



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 айға



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметі нәтижелеріндегі үрдістер мен маңызды өзгерістерді ұғынуға және бағалауға көмектесу болып табылады. Бұл шолу аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделген және оны аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және ілеспе ескертулерімен бірге қараған жөн. Барлық қаржы деректері мен олардың талқылануы Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған, аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделеді.

Бұл есептегі «ҚМГ», «Компания», «Топ» терминдері, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ-ты, оның еншілес ұйымдары мен пропорционал шоғырландырылғандарын білдіреді. «Бірлескен кәсіпорын» термині үлестік қатысу әдісі бойынша көрсетілетін қоғамды білдіреді. Топтың есепке алу саясатына сәйкес, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға жұмсалатын инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады, сондықтан әр жолға шоғырландырылмайды (үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын кәсіпорындар).

Ұсынылып отырған мұнай және газ қоры өзгесі көрсетілмесе, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пропорционал үлесін және еншілес ұйымдар қорының 100% үлесін қамтиды.

Өндірілген мұнай тоннасы Топтың әр кен орындарындағы мұнайдың тығыздығын ескеретін коэффициенттерді қолдану арқылы баррельмен қайта есептеледі.

Теңгемен берілген барлық сомалар, ерекше айтылған жағдайларды қоспағанда, миллиардпен көрсетілген. Цифрлар дөңгелетілген, дегенмен салыстырмалы көрсеткіштер дөңгелетуге дейінгі нақты көрсеткіштерді қолдана отырып есептелген.

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2.	НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР	5
2.1.	Мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған нарықтық бағалардың өзгеруі	5
2.2.	Шетел валютасы айырбас бағамының өзгеруі	6
2.3.	Мұнай және газ тасымалдарына арналған тарифтер	6
2.4.	Өңдеуге арналған тарифтер	7
2.5.	Салық салу	8
3.	ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	9
3.1.	Мұнай және конденсат өндіру	10
3.2.	Газ өндіру	10
3.3.	Магистральдық құбыр желісімен мұнай тасымалдау	11
3.4.	Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	12
3.5.	Газ тасымалдау	12
3.6.	Мұнайды қайта өңдеу	13
3.7.	Мұнай мен газды сату	13
4.	ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ	14
4.1.	Кірістер	15
4.2.	Шығыстар	16
4.3.	Бірлескен-бақылау ұйымдарының және қауымдастырылған компаниялардың пайдадағы үлесі	17
4.4.	Кіріс салығы бойынша шығыстар	18
4.5.	Тоқтатылған қызметтен түскен кіріс/(залал)	18
4.6.	Күрделі шығыстар	19

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Есептік кезеңдегі маңызды оқиғалар

2017 жыл ішіндегі Топ қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізген маңызды оқиғалардың сипаттамасы:

2017 жылғы 19 қаңтарда «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ (бұдан әрі – Компания) ұстаушысы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ болып табылатын шығарылған облигациялар бойынша ішінара өтеуді жүргізді. 5 006 615 мың теңге сомадағы сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомасы 22 568 510 мың теңгені құрады.

2017 жылғы 27 қаңтарда ҚМГ БӨ 2009-2012 жылдардағы кешенді салық тексерулерімен байланысты апелляцияның нәтижелері бойынша хабарламаны және Мемлекеттік кірістер комитетінің жалпы салық борышы мен өсімақыны 11 483 миллион теңгеге дейін төмендету туралы тиісті шешімін алды. 2017 жылғы 31 қаңтарда ҚМГ БӨ Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2009-2012 жылдардағы кешенді салық тексеруімен байланысты салынған әкімшілік айыппұлды 2 002 миллион теңгеге дейін қысқарту туралы шешімін алды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген, салықтарды төлеуге арналған қор осы шешімді есепке алып, 18 754 миллион теңгеге төмендетілді.

2017 жылғы қаңтарда «АМӨЗ» ЖШС («КазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымы) 21 093 млн. теңге және тиісінше 9 756 млн. теңге сомасында негізгі борышты және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-тан алынған қарыз бойынша сыйақыны төледі.

2017 жылғы 17 қаңтарда Компания белгіленген тәртіппен 1 296 788 жай акция орналастырды. Компания төлеуге жалпы сомасы 12 968 млн. теңгеге газ құбырлары мен оның ілеспе құрылыстарын және 1,3 мың теңге мөлшерінде ақшалай қаражат алды (21.02.2017ж. аударылды).

2017 жылғы 19 сәуірде Компания ағымдағы орта мерзімдік жаһандық ноталарды шығару бағдарламасының шеңберінде 10,5 миллиард АҚШ доллары көлемінде Компания шығарған және жалпы 2,75 миллиард АҚШ доллары көлемінде Kazmunaigas Finance Sub B.V. (еншілес компания) шығарған еурооблигациялар шығарылымын орналастыру процесін аяқтады.

2017 жылғы 5 мамырда салық органдары 2016 жылдың қорытындылары бойынша ККС бойынша бұған дейін мәлімденген аванстық төлемдердің қайтарылуына байланысты және 2009-2012 жылдардағы кешенді салық тексерулері нәтижелеріне шағымдану нәтижесінде жалпы сомасы 27 млрд. теңге ҚМГ БӨ алдын ала төлеген салық сомасы қайтарылды.

2017 жылғы 30 маусымда Шымкент мұнай өңдеу зауытында («ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС) шикізатты алдын ала гидротазалау блогы бар жеңіл бензин фракцияларын изомеризациялау қондырғысы пайдалануға енгізіліп, экологиялық К4 және К5 классты автобензиндердің алғашқы сертификатталған партиясы алынды. Осылайша, «Шымкент МӨЗ жаңғырту және қайта құру» жобасының 1-кезеңі аяқталды.

2017 жылғы 03 шілдеде Қызылорда облысында жоғары технологиялық «Қараөзек» газ-компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді.

2017 жылғы 3 тамызда Moody's рейтингтік агенттігі ҚМГ Ваа3 рейтинг болжамын "жағымсыздан" "тұрақтыға" өзгертті.

2017 жылғы 04 тамызда Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімдегі (ДКП 2008) қатысу үлесінің 8,48%-н сатып алу мақсатында жасалған 2008 жылғы 31 қазандағы Сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелердің екінші траншын өтеу үшін ақшалай қаражаттар тарту мақсатында ҚМГ Қашаған Б.В. және Vitol S.A. компаниясы арасында 2016 жылғы 29 қарашада жасалған Мұнай жеткізілімдерін аванстау жөніндегі мәміленің сомасын арттыру туралы қосымша келісімге қол қойылды.

2017 жылғы 10 тамызда ҚМГ Қашаған Б.В. 600 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қосымша аванс сомасын алды және жалпы сомасы 804,4 млн. АҚШ доллары мөлшерінде ДКП 2008 бойынша міндеттемелерінің екінші траншын (негізгі борыш пен есептелген сыйақыны) мерзімінен бұрын өтеді.

2017 жылғы 31 тамызда төмендегі акционерлердің пайдасына «КазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2016 жылғы дивидендтерін төлеу жүргізілді: "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ» АҚ-қа - 41 330 045 547 теңге көлемінде және ҚР Ұлттық банкі РММ-ге - 4 547 320 203 теңге көлемінде.

11 қыркүйекте «Fitch Ratings» халықаралық агенттігі «КазТрансГаз» АҚ (ҚТГ) және оның 100%-дық еншілес

ұйымдары - «Интергаз Орталық Азия» АҚ-тың (ИОА) және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың шетел валютасында және ұлттық валютада ұзақ мерзімді эмитент дефолты рейтингтерін (ЭДР) «BB+»-тен «BBB-»-қа дейін көтерді; рейтингтер бойынша болжам – «тұрақты» болды. Қысқа мерзімді ЭДР "B" деңгейінен "F3» деңгейіне дейін артты;

26 қыркүйекте «КазТрансГаз» АҚ еурооблигацияларды 4,4% кірістік мөлшерлемесімен, 10 жыл айналымда болу мерзімімен, жалпы номиналды көлемі \$750 млн. сәтті орналастырды. Нысаналы пайдаланылуы – берешекті қайта қаржыландыру.

2017 жылғы қыркүйекте Өзбекстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жылына 5 млн. тоннаға дейінгі көлемде Өзбекстанға мұнай тасымалдауды және тиісті құбыр желісі қуаттылығын құруды көздейтін Негіздемелік келісімге қол қойылды.

2017 жылғы қазанда Каспий Құбыр желісі Консорциумы Қазақстан аумағында КҚЖК қуатын жылына 53,7 млн. тоннаға дейін арттыру жобасы шеңберіндегі барлық жұмыстарды аяқтады.

2017 жылғы қазанда «ҚазТрансГаз» АҚ жылына 5 млрд. м3 газ жеткізу туралы ҚТГ мен «PetroChina International Company Limited» компаниясы арасында қол қойылған сатып алу-сату шарты шеңберінде қазақстандық газды Қытайға экспорттауды бастады.

2017 жылғы қарашада Компания 2016 жылғы Жекешелендіру жоспарына сәйкес 11.9 млрд теңгеге Eurasia Air сатты.

2017 жылғы желтоқсанда ҚМГ ҰК-нің «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК-дағы 50% акцияларды қайта сатып алуға арналған опционды орындау мерзімі 2018-2020 жылдардан 2020-2022 жылдарға ауыстырылды.

2017 жылы «Қазақстан-Қытай» және Бейнеу-Шымкент газ құбырларының өткізгіштік қабілеті жылына 52 және тиісінше 10 млрд. м3 дейін жеткізілді.

2017 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытын және Павлодар мұнай-химия зауытын жаңғырту мен қайта жаңарту аяқталды. 2017 жылғы маусымда Шымкент мұнай өңдеу зауытында жаңғырту мен қайта жаңартудың 1-кезеңі аяқталды. Қайта өңдеу тереңдігін және қуатын жылына 5,2-ден 6 млн.тоннаға дейін арттыруға бағытталған Шымкент МӨЗ жаңғырту жобасының екінші фазасы 2018 жылы аяқталатын болады.

2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсер ететін негізгі факторлар:

- шикі мұнайға және мұнай өңдеу өнімдеріне арналған бағаның ауытқуы және Компанияның мұнайды алдын ала сатуы;
- валюта бағамы өзгеруінің әсер етуі;
- мұнай және газ тасымалдарына арналған тарифтердегі өзгерістер;
- салық салу болып табылады.

Төменде Топ қызметіне әсерін тигізген 2017 жылдың 12 айына арналған макроэкономикалық көрсеткіштер келтірілген.

Атауы	Өлш.бірл.	2017 жылдың 12 айына	2016 жылдың 12 айына	Өзгерістер	
				абс	%
Кезең соңындағы инфляция (алдыңғы жылдың тиісті айына арналған ТБИ, %)	%	107,1	108,5	-1,4	-1,2%
Мұнайға арналған экспорттық кедендік баж	\$/тонна	48,6	38,7	9,9	25,6%
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)	теңге	2 269	2 121	148	7,0%
Жалақының ең төмен мөлшері (ЕТЖ)	теңге	24 459	22 859	1600	7,0%

2.1. Мұнай мен мұнай өнімдеріне арналған нарық бағаларының өзгеруі

Халықаралық және Қазақстандық нарықтағы мұнай және мұнай өнімдерінің бағалары Компания қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсерін тигізеді.

Дүниежүзілік мұнайға арналған бағалардың өзгеруі (АҚШ долл. АҚШ/барр.)	2017 жылдың 12 айына	2016 жылдың 12 айына	Δ, %
Brent мұнайы	54,19	43,9	23%
Urals мұнайы	63,5	42,1	50%

Дереккөз: PLATT'S

Жалпы алғанда, шикізатқа арналған бағалардың өзгеруі Компанияға тәуелді емес себептер қатарына байланысты және Компания басшылығы мұнай бағалары құбылмалылығының деңгейін болжай алмайды.

Халықаралық және Қазақстандық нарықтағы мұнай өнімдері бағалары динамикасының факторлар қатары арқылы анықталады, оның ішіндегі аса маңыздылары шикі мұнай бағасы, мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың ара салмағы, бәсекелестік, түпкілікті немесе аралық өңдеу өнімдеріне мұнай өңдейтін кәсіпорындардан өткізу нарықтарының қашықтығы, мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылық, атап айтқанда қалалық аудандарда маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарымен және осы жеткізулерді қалалық аудандардан ауыл шаруашылығы аудандарына қайта бөлумен байланысты маусымдық тапшылық болып табылады.

Мұнай өнімдеріне арналған орташа әлемдік бағалар	Өлш.бірл.	2017 жылдың 12 айына	2016 жылдың 12 айына	Δ, %
Мазут	АҚШ долл./тонна	380	205	85%
Нафта	АҚШ долл./тонна	571	384	49%
Авиотын (Jet fuel)	АҚШ долл./тонна	617	417	48%
Вакуумды газойль	АҚШ долл./тонна	582	399	46%
Пеш отыны (Gasoil 0,1)	АҚШ долл./тонна	624	118	429%

Дереккөз: PLATT'S

ҚР-да мұнай өнімдеріне арналған орташа бөлшек сауда бағалары	Өлш.бірл.	2017 жылдың 12 айына	2016 жылдың 12 айына	Δ, %
АИ-95/96 маркалы бензин	(теңге/литр)	159,29	138,75	12,89%
АИ-92/93 маркалы бензин	(теңге/литр)	145,65	125,83	13,61%
АИ-80 маркалы бензин	(теңге/литр)	89	89	0%
Дизель отыны	(теңге/литр)	139,98	108,49	22,50%
Авиаотын	тңг/тн	212 017	172 808	18%

2.2. Шетел валютасы айырбас бағамының өзгеруі

Теңге бағамының АҚШ долларына қатынасы бойынша өзгеруі Компания қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер етті және Компания шығысының басым бөлігі теңгемен берілсе, шикі мұнай және мұнай өнімдерін сатудан түсетін Компания кірістерінің елеулі үлесі АҚШ долларында берілгендіктен, Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне әсер етуін жалғастыратын сияқты. Сонымен бірге Компанияның қарыз алу және кредиторлық берешегінің басым бөлігі АҚШ долларында ірілендірілген.

	Кезеңдегі орташа бағам	Кезең соңындағы
12 айға, 2017 жылғы 31 желтоқсанға (1,00 доллар үшін Қазақстандық теңге)	326,08	332,33
12 айға, 2016 жылғы 31 желтоқсанға (1,00 доллар үшін Қазақстандық теңге)	341,7	333,29

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

2.3. Мұнай және газ тасымалдарына арналған тарифтер

Мұнайды магистральдық құбыр желісімен тасымалдау

Қазақстанда мұнай өндірілетін өңірлердің көпшілігі мұнай және мұнай өнімдерін негізгі өткізу нарықтарынан қашық болғандықтан, мұнай компаниялары көлік инфрақұрылымының даму дәрежесіне, сондай-ақ оған қол жеткізу мүмкіндігіне тәуелді.

Топ «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еншілес компаниясына тиесілі Қазақстандағы магистральдық құбыр желісі жүйесі бойынша экспортқа және ішкі нарыққа сатылатын шикі мұнайдың басым бөлігін тасымалдайды. Сонымен бірге, Топ Каспий Құбыр желісі Консорциумы мұнай құбырындағы 20,75% көлеміндегі акционерлік капиталға ие, оның ішінде Компания - 19% және Қазақстан Пайплайн Венчурс ЖШК - 1,75%.

Магистральдық мұнай құбырлары арқылы шикі мұнай тасымалдауды «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ олардың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №266 бұйрығымен бекітілген шарттың үлгілік нысанына сәйкес тұтынушылармен жасаған мұнай тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге

арналған шарттарға сәйкес жүргізеді. Аталған шарттарда тараптардың мұнай тасымалдау кезіндегі құқықтары мен міндеттемелері бекітілген. Топтың «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ магистральдық мұнай құбырлары арқылы ішкі нарыққа және экспортқа мұнай тасымалдауы басқа өндірушілердің мұнайымен аралас жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында 2015 жылғы мамырда түзетулер қабылданғанда табиғи монополиялар салаларынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорттау мақсатында мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер алынып тасталды. 2015 жылғы маусымда «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр желісі арқылы мұнайды айдау жөніндегі қызметтерге арналған келесі тарифтерді бекітті (№64 бұйрық):

- Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорттау мақсатында – 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізе отырып, 1 тонна үшін 1000 км-ге 5 817,2 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде;
- Туймазы-Омск-Новосибирск-2 магистральдық құбыр желісінің Қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында – 2015 жылғы 26 маусымнан бастап қолданысқа енгізе отырып, 1 тонна үшін 1000 км-ге 1 727,1 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр желісі жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнайды айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге 2015-2019 жылдарға арналған тарифтердің шекті деңгейлерін Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті 2015 жылғы 1 қазанда қолданысқа енгізумен келесі мөлшерде бекіткен (2015 жылғы 21 тамыздағы №347-ОД бұйрық):

- 2015 жылы –1 тонна үшін 1000 км-ге 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз)
- 2016 жылы –1 тонна үшін 1000 км-ге 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз)
- 2017 жылы –1 тонна үшін 1000 км-ге 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз)
- 2018 жылы –1 тонна үшін 1000 км-ге 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз)
- 2019 жылы – 1 тонна үшін 1000 км-ге 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз).

Газ тасымалдау

Магистральдық газ құбырлары және газ тарату жүйелері арқылы газ тасымалдауды «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы жүзеге асырады. Газды магистральдық тасымалдауды «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сондай-ақ «Азия газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындары жүзеге асырады. Газ тарату құбырлары арқылы газ тасымалдауды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырады.

Газды халықаралық транзиттеу және экспорттау бойынша газ тасымалдауға арналған тарифтер

2015 жылғы мамырда Табиғи монополиялар туралы Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, экспортқа газды тасымалдау жөніндегі қызметтер мемлекеттік реттеуден шығарылған. Газды транзиттеуге және экспорттауға арналған тарифтер Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің бекітуісіз шарттық негізде белгіленеді.

Магистральдық және тарату газ құбырлары арқылы ішкі нарықта газ тасымалдауға арналған тарифтер

Ішкі нарықта газ тасымалдауға арналған тарифтерді Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен реттейді.

Қазақстан Республикасының тұтынушылар үшін магистральдық құбыр желісі арқылы тауарлық газ тасымалдауға арналған тарифтер келесі мөлшерде бекітілген:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – бір мың м3 үшін 2 212,7 теңге (ҚҚС-сыз);
- «Азия Газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – бір мың м3 үшін 3 494,4 теңге (ҚҚС-сыз);
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 18 071 теңге/мың м3 (ҚҚС-сыз).

2.4. Өңдеуге арналған тарифтер

Көмірсутек шикізатты өңдеу жөніндегі қызметтерді АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП көрсетеді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ҚР кәсіпкерлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы № 376-V Заңға сәйкес, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап өңдеу бағаларын мемлекеттік реттеу алынып тасталған. 2016 жылы және 2017 жылы 12 ай ішінде қолданыста болған тарифтер төменде келтірілген:

Зауыттардың атауы	Өлш.бірл.	2017 жылғы 12 ай	2016 жылғы 12 ай
АМӨЗ	теңге/тонна	1 сәуірден бастап - 24 512	20 501
ПМХЗ	теңге/тонна	1 тамыздан бастап - 16 417	14 895
ПКОП	теңге/тонна	6 қазаннан бастап 16 301,71	11 454

2.5. Салық салу

Төменде берілген кестеде Топтың тиісті кезеңдерде қолданатын белгіленген салық мөлшерлемелері көрсетілген:

Салық	2017 жылғы 12 ай	2016 жылғы 12 ай	Өзг.,%	Салық салынатын база
Корпоративтік кіріс салығы (ККС)	20%	20%	-	салық салынатын кіріс
Қосылған құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	-	тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	-	бухгалтерлік есеп деректері бойынша анықталатын, салық салынатын объектілердің орташа жылдық теңгерімдік құны
Жер салығы	ауыспалы шамасы, мөлшерлемесі жер учаскесінің тағайындалуына және сапасына байланысты болады	ауыспалы шамасы, мөлшерлемесі жер учаскесінің тағайындалуына және сапасына байланысты болады		жер телімінің ауданы
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	ауыспалы шамасы, мөлшерлемесі эмиссиялар түріне байланысты болады	ауыспалы шамасы, мөлшерлемесі эмиссиялар түріне байланысты болады		қоршаған ортаға эмиссияның белгіленген нормалары шегіндегі және (немесе) одан тыс эмиссиялардың нақты көлемі
Экспортқа салынатын рента салығы, орташа мәні	0%-32% Мұнайдың әлемдік бағасына байланысты шкала бойынша	0%-32%		объем экспорта нефти сырой и нефтепродуктов сырых
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС), орташа мәні	0%-18%	0%-18%		өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ көлемінің құны
Үстеме табыс салығы (ҮТС)	0%-60%	0%-60%		таза кіріс
Шикі мұнай мен газ конденсатының акцизі	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна		өндірілген, сатылған шикі мұнай және газ конденсатының көлемі

1 тонна үшін акциздер мөлшерлемесі (теңгеде) және баж

	2017 жылғы 12 ай		2016 жылғы 12 ай		Өзг., %	Салық салынатын база
	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизель отыны (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0 - 2710 19 480 0)	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизель отыны (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0 - 2710 19 480 0)		
Мұнай өнімдерінің акцизі						өндірілген, сатылған мұнай өнімдерінің көлемі
Өзіндік өндіріс бензинін (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өндірушілерге көтерме саудада сату	10 500	Сәуір-қазан-9300, қараша-наурыз- 540	10 500	540		
Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын жеке және заңды тұлғаларға көтерме саудада сату	-	-	-	-		
Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өндірушілерге бөлшек саудада сату, меншікті өндірістік қажеттіліктеріне	11 000	Сәуір-қазан-9360, қараша-наурыз - 600	11 000	600		

1 тонна үшін акциздер мөлшерлемесі (теңгеде) және баж						
	2017 жылғы 12 ай		2016 жылғы 12 ай		Өзг., %	Салық салынатын база
қолдану						
Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын жеке және заңды тұлғаларға бөлшек саудада сату, меншікті өндірістік қажеттіліктеріне қолдану	500	60	500	60		
Импорт	4 500	540	4 500	540		
Салық кодексінің 279-бабы 5) тармақшасында көрсетілген, өңделме шикізатты қайта өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру	10 500	Сәуір-қазан -9300, қараша-наурыз -540	10 500	540		
Шикі мұнайға арналған экспорттық баж	Мұнайдың әлемдік құнына тәуелді шкала бойынша		Мұнайдың әлемдік құнына тәуелді шкала бойынша			Экспорттық көлемі

Пайдалы қазбаларды өндіруге, мұнайды және мұнай өнімдерін экспорттауға рента салығының және экспорттық баждардың салық мөлшерлемелері мұнайдың әлемдік бағасына тәуелді және тиісінше өзгеріп отырады. Шикі мұнайды және газ конденсатын Қазақстан Республикасының ішкі нарығында оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты, экспорттық рента салығын төлеу есебінен табиғи нысанда сатқан және (немесе) тапсырған жағдайда, мемлекет атынан алушыға өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының роялтилері және үлесі не өзіндік өндірістік қажеттіліктерге қолданған жағдайда белгіленген мөлшерлемелерге 0,5 төмендеткіш коэффициенті қолданылады.

Табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесі 10 пайызды құрайды. Табиғи газ ішкі нарықта сатылған жағдайда пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық жылдық өндіру көлеміне байланысты мөлшерлемелер бойынша төленеді.

2016 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі шикі мұнайға экспорттық кеден баждарының үдемелі шкаласын енгізді. Жаңа режим бойынша экспорттық кеден баждары Brent және Urals маркалы мұнайға мұнай шикізатының әлімдік нарықтарында орын алатын шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Сондай-ақ 2016 жылғы 1 наурыздан бастап мазутқа арналған ЭКБ бір тонна үшін 30 АҚШ долларына дейін төмендетілді. Мұнай шкаласы бойынша – әлемдік баға баррель үшін 25 доллардан төмен болғанда ЭКБ мөлшерлемесі 0-ге тең болады, мұнайдың әлемдік бағасы баррель үшін 25 доллардан жоғары болғанда ЭКБ мөлшерлемесі шкалаға сәйкес анықталады.

Экспорттық рента салығы бір баррель үшін мұнайдың әлемдік бағасы 40 АҚШ долларынан асқан кездегі мөлшерлемелер шкаласы бойынша есептеледі.

3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Операциялық нәтижелер	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті қоса алғанда, мұнайдың және конденсаттың өндірілуі (мың тонна)	23 362	22 638	724	3%
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті қоса алғанда, газдың өндірілуі (млн. куб. м)	7 997	7 365	602	8%
Операциялық үлесті қоса алғанда, меншікті МӨЗ-да және бірлескен МӨЗ-да көмірқуатты шикізаттың қайта өңделуі (мың тонна)	18 207	17 675	532	3%
Магистральдық құбыр желісімен мұнайдың тасымалдануы (мың тонна)	58 538	56 575	1 963	3%
Мұнайдың жүк айналымы (млн.тонн*км)	48 360	43 130	5 229	12%
Теңіз флотымен мұнайдың тасымалдануы (мың тонна)	6 951	7 082	-130	-2%
Магистральдық газ құбырларымен газдың тасымалдануы (млн.м3)	100 856	88 077	12 780	15%
Газ тасымалы бойынша тауар-көлік жұмыстарының көлемі (млрд.м3*км)	21 784	20 468	1 316	6%

3.1. Мұнай және конденсат өндіру

Мұнай және конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
	23 362	22 638	724	3%
«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру (оның ішінде ҚазГӨЗ)	11 876	12 163	-287	-2%
"Өзенмұнайгаз" АҚ	5 480	5 555	-75	-1%
"Ембімұнайгаз" АҚ	2 840	2 832	8	0%
"ҚазГӨЗ" (конденсат) (100%)	8	9	-1	-11%
"Қаражанбасмұнай" АҚ (50%)	1 071	1 064	7	1%
"Қазгермұнай" БК» ЖШС (50%)	1 400	1 468	-68	-5%
"ПетроҚазақстан Инк." АҚ (33%)	1 077	1 235	-158	-13%
Оның ішінде: "Қазгермұнай" БК» ЖШС (50%*33)	462	484	-22	-5%
"ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз" АҚ (100%*33)	524	640	-116	-18%
"Торғай-Петролеум" АҚ (50%*33)	91	111	-20	-18%
Теңізшевройл (20%)	5 739	5 511	228	4%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	3 178	3 145	33	1%
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.»(10%) *	1 125	1 047	78	7%
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	351	381	-30	-8%
Қазақтүрікмұнай	387	292	95	33%
ҚМГ Қашаған Б.В. (50%)	686	79	607	768%
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ)	21	21	0	0%

Мұнай және конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі құрылымындағы елеулі үлес ҚМГ БӨ-ге тиесілі: 2017 жылдың 12 айына 51% және 2016 жылдың 12 айына 54,6% (ҚМГ БӨ-нің Қазгермұнайгаз, ССЕЛ және ПКИ-дегі пропорционал үлестерін қоса алғанда).

Есептік кезеңдегі мұнай және конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі 23 362 мың тоннаны құрады, ол өткен жылдың осыған ұқсас кезеңіндегі көлемнен 724 мың тоннаға артық, бұған 2016 жылғы 28 қыркүйектен бастап Қашаған кен орнында өндірудің жаңғыртылуы, зауыттардың сенімділігі мен тиімділігін арттыру есебінен ТШО өндіру көлемінің өсуі, сондай-ақ есептік кезеңде ГТІ жүргізілуіне байланысты «Қазақтүрікмұнай» ЖШС өндіру көлемінің өсуі себеп болды. Ең алдымен қордың таусылуы есебінен бұл өсім ҚМГ БӨ бойынша өндіру төмендегенде ішінара жойылған болатын. Пайдалану колонналарындағы бұзушылықтардың нәтижесінде су басудың артуы және жерасты жабдығы жұмысындағы бұзушылықтардың нәтижесінде ұңғымалардың бос тұруының артуы осы төмендеулерге себеп болды. Есептік кезеңде ПКИ және ҚМГ-дегі өндіру үлесінің төмендеуі кейбір кен орындарында қордың табиғи таусылуымен байланысты.

3.2. Газ өндіру

Топ бойынша 2017 жылдың 12 айына газ (ілеспе және табиғи) өндірудің шоғырландырылған көлемі 7 997 млн. м3 құрады. 2016 жылғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда өндіру көлемі 602 млн. м3 немесе 8% құрады.

газ (ілеспе және табиғи) өндірудің шоғырландырылған көлемі, млн.м3	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
	7 997	7 395	602	8
«КазМұнайГаз» Барлау Өндіру (оның ішінде ҚазГӨЗ)	1 339	1 365	-26	-2
"Өзенмұнайгаз" АҚ	320	301	19	6
"Ембімұнайгаз" АҚ	200	192	8	4
"ҚазГӨЗ" (газ) (100%)	298	313	-15	-5
"Қаражанбасмұнай" АҚ (50%)	18	19	-1	-5
"Қазгермұнай" БК» ЖШС (50%)	280	299	-19	-6
"ПетроҚазақстан Инк." АҚ (33%)	223	241	-19	-8

Оның ішінде: "Қазгермұнай" БК» ЖШС (50%*33)	92	99	-6	-6
"ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз" АҚ (100%*33)	122	132	-10	-8
"Торғай-Петролеум" АҚ (50%*33)	9	11	-2	-19
Теңізшевройл (20%)	3 171	3 016	155	5
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	378	378	-1	0
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.»(10%)*	1 892	1 766	127	7
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	301	307	-6	-2
Қазақтүрікмұнай	175	187	-12	-6
ҚМГ Қашаған Б.В. (50%)	397	49	349	716
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ)	344	327	17	5

Өндіру көлемінің артуы, негізінен, 2016 жылғы 28 қыркүйекте Қашаған кен орнында газ өндіруді жаңғырту, технологиялық қондырғылардың тұрақты әрі сенімді жұмыс істеуі және Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. бойынша жоспарлы күрделі жөндеулердің сәтті жүргізілуі, сондай-ақ есептік кезеңде ТШО зауыттарының сенімділігін және тиімділігін арттыру есебінен болды.

3.3. Магистральдық құбыр желісімен мұнай тасымалдау

Құбыр желілері бойынша Қазақстандық мұнайдың негізгі қолданыстағы экспорттық маршруттары:

- Атырау-Самара құбыр желісі («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу құбыр желісі («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%);
- Каспий Құбыр желісі Консорциумының құбыр желісі («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 20,75%)* болып табылады.

Магистральдық құбыр желісі арқылы мұнай тасымалдауды «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымы жүзеге асырады (жалпы ұзақтығы 5,4 мың км). «ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды ішкі нарыққа, экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді, сондай-ақ мұнай транзиттеуді де жүзеге асырады.

Компаниялар бөлінісінде магистральдық құбыр желісі арқылы мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
	58 538	56 575	1 963	3%
«ҚазТрансОйл» АҚ КО	46 293	43 797	2 496	6%
"МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыр желісі компаниясы» АҚ	1 867	2 356	-489	-21%
"Қазақстан-Қытай Құбыр желісі" ЖШС	8 269	7 044	1 225	17%
Batumi Industrial Holdings Limited	2 109	3 377	-1 269	-38%
Мұнай жүк айналымының көлемі (млн.тн*км)	48 360	43 130	5 230	12%
«ҚазТрансОйл» АҚ КО	39 823	35 635	4 187	12%
"МұнайТас" Солтүстік-Батыс құбыр желісі компаниясы» АҚ	733	940	-207	-22%
"Қазақстан-Қытай Құбыр желісі" ЖШС	7 805	6 555	1 249	19%

*топшылық операцияларды шегерусіз

Магистральдық құбыр желісі арқылы мұнайды тасымалдау көлемі 1 963 мың тоннаға өсті, оған «Роснефть» ҰК ЖАҚ-пен мұнай транзитін арттыруға қосымша келісімнің жасалуына байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша мұнай тасымалдау көлемінің өсуі, сондай-ақ компаниялар қатарында, оның ішінде 2016 жылғы 28 қыркүйектен бастап Қашаған кен орнында мұнай өндірудің жаңғыртылуына байланысты мұнай тапсыру көлемінің өсуі себеп болды.

*2017 жылы КҚЖК құбыр желісі арқылы 55,1 млн. тонна мұнай, оның ішінде Қазақстандық – 49,6 млн. тонна мұнай тасымалданды. Мұнай көлігі инфрақұрылымы саласындағы 2017 жылғы ең маңызды оқиғалардың бірі - Қазақстандық учаскедегі КҚЖК-ны жылына 53,7 млн.тоннаға дейін кеңейту жобасын іске асырудың аяқталуы болды. КҚЖК мұнай құбырының өткізгіштік қабілетінің артуы Қазақстандық мұнай өндірудің артып отырған көлемін (соның ішінде Қашаған және Теңіз кен орындарынан) әлем нарықтарына экспорттауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3.4. Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың негізгі қолданыстағы маршруттары:

- Каспий теңізінің акваторияларына баратын маршруттар.
- Қара теңіз және Жерорта теңізінің акваторияларына баратын маршруттар.

Бағыттар бөлінісінде мұнайды теңіз флотымен тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
	6 951	7 082	-130	-2%
Ақтау-Баку	234	33	201	615%
Ақтау-Махачкала	662	1 611	-949	-59%
Қара теңіз	3 024	2 968	56	2%
Жерорта теңізі	1 447	1 238	209	17%
Түркменбаши-Баку	137	1 072	-935	-87%
Махачкала-Баку	1 447	159	1 287	808%

*топшылық операцияларды шегерусіз

Есептік кезең ішінде 2016 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда тасымал көлемінің төмендеуі «Транснефть» ЖАҚ-тың Махачкалы портындағы мұнай сапасына қойылатын талаптарының өзгеруіне байланысты Ақтау портында мұнай тасымалдарының төмендеуі есебінен орын алып отыр. Бұл ретте 2016 жылдың соңында Каспий теңізінің Баку портына дейін ресейлік бөлігінде орналасқан Юрий Корчагин атындағы мұнайгазконденсат кен орындарынан мұнай тасымалдаудың басталуына байланысты 2017 жылы Махачкала-Баку, Түрмебаши-Баку/Махачкала маршруты бойынша танкерлерді қайта бағдарлау орын алды.

3.5. Газ тасымалдау

Газ тасымалдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: газды халықаралық транзиттеу, газды экспортқа тасымалдау және газды ішкі тұтынушылар үшін тасымалдау.

Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.куб.м)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
	100 857	88 077	12 781	15%
Халықаралық транзит	65 800	58 323	7 477	13%
Газды экспортқа тасымалдау	17 713	13 251	4 462	34%
Газды ішкі тұтынушылар үшін тасымалдау	17 344	16 503	841	5%
Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.куб.м)	100 857	88 077	12 781	15%
"Интергаз Орталық Азия" АҚ	76 565	66 788	9 777	15%
"ҚазТрансГаз-Аймақ" АҚ	2 501	2 600	-99	-4%
"Азия газ құбыры" ЖШС (50%)	19 607	17 606	2 001	11%
"Бейнеу – Шымкент газ құбыры" ЖШС (50%)	2 185	1 083	1 101	102%

* топшылық операцияларды шегерусіз

Газ тасымалдау көлемдерінің артуы

- халықаралық транзит көлемінің артуы «ресейлік» газды «Союз-Оренбург-Новопсков» и «Бухара-Урал» МҚ арқылы және «өзбек» газын «Газпром» ААҚ тарапынан «Орталық Азия – Орталық» ГҚ арқылы тасымалдау көлемдерін қайта қараумен байланысты;
- экспортқа газ тасымалдау көлемінің артуы ҚХР-ға газ тасымалдаудың басталуымен және РФ-ға және Өзбекстанға газ жеткізу көлемдерінің артуымен байланысты;
- ішкі тұтынушылар үшін ИОА бойынша газ тасымалдау көлемінің артуы оңтүстік өңірлерде газ тұтынудың артуына байланысты және ГБШ бойынша газ тасымалдау көлемінің артуы оңтүстік өңірлерді батыстан газ жеткізумен қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты, өзбекстаннан газ жеткізудің шектелуіне байланысты болып отыр.

3.6. Көмірсутекті шикізатты өңдеу

- Атырау мұнай өңдеу зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ қатысу үлесі 99,49%): жобалық өңдеу қуаты жылына 5,5 млн. тоннаны құрайды, 2017 жылы өңдеу тереңдігі 62,73 %-ды құрады;
- Шымкент мұнай өңдеу зауыты («Петро Қазақстан Ойл Продактс», «ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ қатысу үлесі 49,73 %): жобалық қуаты – жылына 5,25 млн. тонна, өңдеу тереңдігі 2017 жылы 73,03% құрады;
- Павлодар мұнай-химия зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ қатысу үлесі 100 %): Қазақстанның технологиялық тұрғыдан анағұрлым күрделі мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Теңдестірілген өңдеу қуаты жылына 5,1 млн. тоннаны құрайды, өңдеу тереңдігі 2017 жылы 76,08% құрады. Кәсіпорын Батыс Сібір кен орындарының мұнайын өңдеуге жобаланған;
- CaspiBitum- («ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ қатысу үлесі 50 %): ауыр қаражанбас мұнайынан жол битумдарын өндіру зауыты. Өңдеу бойынша жобалық қуаты жылына 1,0 млн. тоннаны құрайды.
- KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare) екі «Petromidia» және «Vega» МӨЗ мен Petrochemicals мұнай-химия кешені (МХК) кіреді:
 - «Petromidia» МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S.A. қатысу үлесі 100 %) жобалық қуаты – жылына 5,0 млн. тонна. МХК «Petromidia» МӨЗ-мен біріктірілген;
 - «Vega» МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S.A. қатысу үлесі 100 %) жобалық қуаты – жылына 500 мың тонна. «Vega» МӨЗ шикізаттың балаламалы түрлерін (нафта, ауыр көмірсутекті фракциялар, мазут) өңдеуге мамандандырылған Румыниядағы жалғыз кәсіпорын.

Операциялық үлесті есепке алғанда көмірсутекті шикізатты өңдеудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
	18 207	17 675	532	3
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	4 724	4 761	-37	-1
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	4 747	4 590	157	3
«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (50%)	2 343	2 251	92	4
«CASPI BITUM» (50%)	358	312	46	15
KMG International N.V. (Rompetrol Rafinare)	6 035	5 762	273	5

* топшілік операцияларды шегерусіз

ҚР МӨЗ бойынша өңдеу көлемі Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітетін Өндірістік бағдарлама арқылы реттеледі. ПМХЗ көмірсутекті шикізатты өңдеу көлемінің өсуі автобензин, мазут, пеш отыны және т.б. өндірісін өсіру үшін бөгде ұйымдардан өңдеу үшін мұнай жеткізудің артуымен байланысты. «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС бойынша өңдеу көлемінің өсуі тоқтатып жөндей кезеңінің қысқаруымен және компаниялар тарапынан мұнай жеткізушілердің артуымен байланысты. KMG International N.V. (Петромидия және Вега зауыттар) өңдеу көлемінің артуы мұнайды өңдеу көлемі 2016 жылғы деңгейде қалғанда Петромидия зауытында өзге көмірсутекті шикізатты өңдеудің 256 мың тоннаға артуымен, сондай-ақ Вега зауытына жеткізулердің 19 мың тонна мөлшерінде өсуімен байланысты.

3.7. Мұнайды және газды сату

Мұнайды сату

Есептік кезең ішінде мұнай сатуды Cooperative KazMunaiGaz U.A., «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС және KMG International N.V. компаниялары жүзеге асырды.

	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Cooperative KazMunaiGaz U.A., "ҚМГ Қарашығанақ" ЖШС, "Қазақтүрікмұнай" ЖШС	8 970	5 732	3 238	56%
Өндірілген мұнайды сату (мың тонна)	229	99	130	25%
Мұнай трейдингі (мың тонна)	8 741	5 633	3 108	206%
KMG International N.V.*	11 786	9 156	2 630	29%
Оның ішінде KMG Sub. B.V.-дегі мұнай сатылымы	3 016	1 987	1 029	52%
KMG International N.V.-дің ҚМГ тобы деңгейінде сатуы*	8 770	7 169	1 601	22%

	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай сатылымының барлық көлемі	20 756	14 888	5 868	39%

*Компанияның жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есепте мұнай сатудан түсетін тиісті кірістер «Тоқтатылған қызметтен түсетін кіріс/(залал)» бабында көрсетілген

2016 жылғы сәуірден бастап Топ 2016 жылғы мамырдан бастап 48 айлық кезең ішінде 3 млрд. АҚШ долларына дейінгі сомада Компанияның шикі мұнай мен сыйылтылған мұнай газын (СМГ) сатуы көзделген, мұнайды аванстау жөніндегі мәмілелер шеңберінде мұнай сатуды бастады. Мәміленің мәні болып табылатын мұнай көлемі Топтың "Теңізшевройл" ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Каражанбасмұнай» АҚ-тағы қатысу үлесі болып келеді, Сондай-ақ ҚР ЭМ квоталарына сәйкес ҚМГ БӨ экспортқа мұнай сату көлемдерінің артуына және Қарашығанақ жобасының өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімнің шарттарына сәйкес, KMG Trading AG үлестес трейдерінің Қарашығанақ кен орнынан шикі мұнайды сату көлемдерінің артуына байланысты.

Газды сату

Табиғи газды сату негізінен «КазТрансГаз» АҚ есебінен жүзеге асырылады. Бұл компанияның функцияларна ішкі нарық үшін табиғи газды көтерме сатып алу, өңірлік газ тарату желілері арқылы газ тарату, газ тарату объектілері мен желілерін пайдалану және ішкі нарықта табиғи газды сату енгізілген.

Тауарлық газды сату (млн. куб. м.)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Газды экспортқа сату	4 949	4 323	625	14%
Газды ішкі нарыққа сату	12 793	11 763	1 030	9%
Газ сату көлемінің жиыны	17 743	16 086	1 656	10%

Газды экспортқа сату көлемінің өсуіне ҚХР-ға газ жеткізе бастау (ҚТГ мен PetroChina International Company Limited арасындағы экспорттық шартқа 30.09.2017-же қол қойылған) мен Өзбекстанға және РФ-ға газды қосымша сату себеп болып отыр. Бұдан басқа, тұтынушылар көлемінің артуына және өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндіріс көлемінің артуына байланысты ішкі нарыққа газ сату көлемі артты.

4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

(млн. теңге)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Өнімді сатудан және қызметтерді көрсетуден түсетін кірістер	2 458 835	1 857 435	601 400	32%
Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(2 379 903)	(1 561 746)	(818 157)	52%
Жалпы пайда	78 932	295 689	(216 757)	-73%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(152 011)	(117 675)	(34 336)	29%
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	(288 527)	(198 473)	(90 054)	45%
Негізгі құралдардың, барлау активтерінің және НМА құнсыздануы, нетто	(25 642)	(3 283)	(22 359)	681%
Негізгі құралдардың істен шығуынан түсетін кірістер/ (залал), нетто	(3 815)	(5 621)	1 806	-32%
Өзге кірістер/(шығыстар)	(9 929)	4 608	(14 537)	-315%
Операциялық пайда	(400 991)	(24 754)	(376 237)	1520%
Теріс бағамдық айырмашылық, нетто	67 183	(12 894)	80 077	-621%
Қаржылық кірістер	121 735	167 892	(46 156)	-27%
Қаржылық шығыстар	(294 897)	(230 383)	(64 514)	28%
СКО-дағы инвестициялардың құнсыздануы	14 845	(5 503)	20 349	-370%
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтердің құнсыздануы	(68)	(93)	25	-27%
Берілген қарыздардың құнсыздануы	0	(1 346)	1 346	-
Ұйымдардың үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын кірістердегі/(залалдардағы) үлесі	414 565	270 191	144 374	53%
Салық салуға дейінгі кіріс/(залал)	(77 628)	163 108	(240 736)	-148%
Корпоративтік кіріс салығы бойынша шығыстар	(192 030)	(163 791)	(28 239)	17%
Тоқтатылған қызметтен түсетін кіріс/(залал)	789 183	360 854	428 329	119%
Таза кіріс/(залал)	519 526	360 171	159 355	44%

4.1. Кіріс

(млн. теңге)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	307 968	293 076	14 892	5
Шикі мұнайды сату (шикі мұнай сапасын банктің есепке алуымен)	1 153 376	686 120	467 256	68
Тауарлық газды сату	360 453	321 722	38 731	12
Мұнай тасымалдау	169 370	158 319	11 051	7
Газ тасымалдау	155 559	156 116	(557)	0
Мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу	129 067	99 137	29 930	30
Мұнай сервистері көрсететін қызметтер	72 641	62 360	10 281	16
Өзге	110 400	80 585	29 815	37

Өнімді сату және қызметтерді көрсету көлемі	Өлш.бірл.	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	мың тонна	2 796	3 409	-613	-18%
Шикі мұнайды сату	мың тонна	8 970	5 732	3 238	56%
Тауарлық газды сату	млн. куб. м	17 743	16 031	1 712	11%
Мұнайды магистральдық құбыр желісімен тасымалдау	мың тонна км	39 952	38 621	1 331	3%
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	мың тонна	3 783	3 591	192	5%
Газ тасымалдау	млн.м3*км	75 398	67 497	7 901	12%
Мұнай өңдеу	мың тонна	6 929	6 026	903	15%

Орташа қалыптасқан есептік бағалар	Өлш.бірл.	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	тоннасы үшін теңге	110 164	85 971	24 193	28%
Шикі мұнайды сату*	тоннасы үшін теңге	128 579	119 700	8 879	7%
Тауарлық газды сату	мың куб.м үшін теңге	20 316	20 069	247	1%
Мұнайды магистральдық құбыр желісімен тасымалдау	тоннасы үшін теңге	4 028	3 845	183	5%
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	тоннасы үшін теңге	2 227	2 730	-503	-18%
Газ тасымалдау	мың куб.м үшін теңге	2 063	2 313	-250	-11%
Мұнай өңдеу **	тоннасы үшін теңге	18 627	16 452	2 175	13%

*шикі мұнай сапасын банктің есепке алуымен

**Процессингтің (өңдеудің) орташа мөлшерлемесі

Кірістер құрылымында шикі мұнай сатылымынан түсетін кіріс үлесінің айтарлықтай өсуі байқалады. Компания мұнайды алдын ала сату туралы мәміле жасасу нәтижесінде (3.7.-т. Мұнай және газ сату қараңыз) шикі мұнай сатылымынан өз пайдасын арттырды). Бұдан бөлек, есептік кезеңде сату көлемі мен әлемдік мұнай бағасының артуы кірістің артуына себеп болды.

Тауарлық газ сатылымынан түсетін кірістің артуы есептік кезеңде ҚХР-ға және Өзбекстанға газды қосымша сатудың жүзеге асырылуына және ішкі тұтынушылар көлемі мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндіріс көлемінің артуына байланысты болып отыр.

Мұнайды және мұнай өнімдерін өңдеуден түсетін кірістің артуына сыртқы өңдеуге берушілерден мұнайды өңдеуге жеткізудің артуы және тарифтің ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап АМӨЗ-де 19,5%-ға және ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап ПМХЗ-да 10%-ға өсуі себеп болып отыр.

Мұнайсервис қызметтерін көрсетуден түсетін кірістің артуы - қызметтерге тапсырыс беруші - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік бағдарламаларының өзгеруіне және 2016 жылы шарттар сомасының төмендеуіне байланысты.

Өзге кірістің артуы - Cooperative KazMunaiGaz U.A. 20 млрд сомаға газ өңдеу өнімін сатудан кірістің түсуіне, KMG DS-тің 2016 жылғы қазаннан бастап 707 бұрғы қондырғысын жалға беруіне, ҚТГ бойынша газды сақтау көлемінің және KMG – Security-дің кейбір тапсырыс берушілері бойынша көлем мен тарифтің өсуіне байланысты.

4.2. Шығыстар

Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

(млн. теңге)	31.12.2017-де	31.12.2016-да	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 12 айда	аяқталған 12 айда		
Материалдар және қор	132 339	102 087	30 252	30%
Шикі мұнай мен газ	1 316 054	684 685	631 369	92%
Жалақы шығысы	293 259	281 673	11 586	4%
Тозу таусылу және амортизация	161 529	167 172	(5 643)	-3%
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	93 569	40 677	52 892	130%
Жөндеу және қызмет көрсету	38 343	32 547	5 796	18%
Электр энергиясы	39 835	37 924	1 911	5%
Өзге салықтар	58 901	53 593	5 308	10%
Көлік шығысы	107 145	47 655	59 490	125%
Өзге	138 930	113 734	25 196	22%
Жиыны	2 379 903	1 561 746	818 157	52%

2017 жылғы 12 айдың өзіндік құны негізінде: «шикі мұнай және газ», «шикізат және материалдар», «көлік шығысы», «пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық» және «жалақы шығысы» баптары бойынша шығыстардың артуына байланысты 2016 жылдың 12 айымен салыстырғанда 818 млрд. теңгеге немесе 52%-ға өсті:

- мұнай, газ және өзге де шикізатты сатып алуға арналған шығыстардың артуы мыналарға:

- Мұнайды және сұйылтылған газды жеткізу туралы ұзақ мерзімді шарттың шеңберінде Теңізшевройлдан («ТШО») сатып алынған шикі мұнай және газ өңдеу өнімдерін сату көлемінің өсуіне және мұнайды сатып алу схемасының өзгеруіне;
- Газды ҚХР-ға және Өзбекстанға сату көлемінің, сондай-ақ Өнеркәсіптік кәсіпорындар өндірісі көлемінің және тұтынушылар көлемінің өсуіне;
- «Oil Construction Company» ЖШС және «Oil Services Company» ЖШС бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінің және «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ бойынша өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтердің өсуімен байланысты.

- Көлік шығысының өсуі газды ҚХР-ға экспорттау үшін «Қазақстан-Қытай» және «Бейнеу-Шымкент» магистральдық газ құбыры бойынша газды тасымалдау көлемінің артуымен байланысты;

- ПҚӨС бойынша шығыстың өсуіне маркалы мұнайға орташа бағаның анағұрлым жоғары болуы (2016 жылдың 12 айындағы 1 баррельге 43,9 1 АҚШ долларымен салыстырғанда 1 баррельге 54,2 АҚШ доллары), бұл нәтиже 2017 жылдың 12 айында теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамының төмендеуімен біртіндеп жойылды;

- 2017 жылдың 12 айында қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша шығыстардың артуы ұжымдық шартқа сәйкес, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірістік персоналдың базалық жалақысын 7% индекскеуге, сондай-ақ 2017 жылға жылдық сыйақы төлеу бойынша резервтерді есептеуге байланысты;

- жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған шығындар есептік кезеңде бөгде ұйымдар орындайтын, ұңғымаларды жер асты жөндеу көлемі өте жоғары болғандықтан және қатты гидравликалық жару жұмыстары (ҚГЖ) көлемі мен тарифтерінің өсуіне байланысты артты.

Анықтамалық ақпарат: Операциялық пайда KMG I бойынша мұнай және мұнай өнімдерін сату түсімін қамтымаған, өйткені KMG I сату процесінде және ҚМГ ҰК шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ҚЕХС стандарттарына сәйкес тоқтатылған қызмет ретінде жіктеледі. Дегенмен, 2017 жылғы 3 тоқсаннан бастап KMG I трейдингі үшін мұнайды сатып алудың өзіндік құнының бөлігі мұнайды сатып алу схемасының өзгеруіне байланысты 280 млрд. теңге сомасында ҚМГ ҰК операциялық пайдасы құрамында берілген. Нәтижесінде, 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы операциялық пайданың төмендеуі байқалады. Өз кезегінде, KMG I таза пайдасы ҚМГ ҰК шоғырландырылған пайдасында тоқтатылған қызметтен түсетін пайда ретінде есепке алынады [4.5-тармақ].

Жалпы және әкімшілік шығыстар

(млн. теңге)	За 12 мес., закончившихся 31.12.2017	За 12 мес., закончившихся 31.12.2016	Δ, (+/-)	Δ, %
Жалақы шығыстары	60 494	55 056	5 438	10%
Өтеуге ҚҚС-тың құнсыздануы	(24 158)	(3 418)	(20 740)	607%
Консультациялық қызметтер	14 190	11 969	2 221	19%
Тозу және амортизация	13 181	6 748	6 433	95%
Салықтар	12 708	8 196	4 512	55%
Қайырылымдық	1 086	1 545	(459)	-30%
Өсімақы, айыппұл және тұрақсыздық айыбы	261	352	(91)	-26%
Сауда дебиторлық берешегінің құнсыздануына арналған резервтер	1 414	3 614	(2 200)	-61%
Салық, айыппұл және өсімақылар бойынша резервтер	(4 212)	(10 850)	6 638	-61%
Өзге де ағымдағы активтердің құнсыздануына арналған активтер	(120)	1 868	(1 988)	-106%
ТМҚ құнсыздануына арналған резерв	1 499	1 059	440	42%
Ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздануына арналған резерв	1 188	2 000	(812)	-41%
Есептеуге алынбаған ҚҚС (пропорционал әдіс)	7 923	1 252	6 671	533%
ЕАТҚ енгізілмейтін әлеуметтік төлемдер (салықтар мен ЭЖҚ аударымдарын қоса алғанда)	27 846	6 249	21 597	346%
Өзге	38 712	32 034	6 678	21%
Жиыны	152 011	117 675	34 336	29%

2017 жылғы 12 айдағы жалпы әкімшілік шығыс 152 млрд. теңгені құрады, ол 2016 жылдың 12 айына қарағанда 29%-ға көп. Өсімнің негізгі сомасы «ЕАТҚ-қа енгізілмейтін әлеуметтік төлемдер (салық пен ЖЗҚ аударымдарын қоса алғанда) бабы бойынша зейнеталды жасындағы қызметкерлермен еңбек шарттарын бұзуға байланысты және тараптардың келісімі бойынша 5/50 бағдарламасы бойынша АНС тобының қызметкерлеріне өтемақы төлеу бойынша нақты шығындардың көрсетілуіне байланысты орын алды. Сонымен бірге, қызметкерлер жалақысын 7%-ға жыл сайынғы индекстеуге байланысты жалақы бойынша және салық бойынша шығындардың өсуі орын алды.

Бұл ретте, «Өтеуге арналған ҚҚС-тың құнсыздануы» бабы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру АҚ-тың 2012-2015 жылдардағы ҚҚС-ты өтеуге өтінім беруіне байланысты төмендеп, нәтижесінде 30 млрд. теңге сомасына ҚҚС-ты өтеу бойынша түзетпе провизия жүргізілді.

Сату бойынша шығыстар

(млн. теңге)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Рента салығы	83 183	19 981	63 202	316%
Кедендік баж	105 302	84 119	21 183	25%
Тасымалдау	74 717	67 903	6 814	10%
Жалақы шығысы	6 365	6 835	(470)	-7%
Тозу және амортизация	4 457	6 408	(1 951)	-30%
Өзге	14 503	13 227	1 276	10%
Жиыны	288 527	198 473	90 054	45%

2017 жылдың 12 айында сату шығысы 288,5 млрд. теңгені құрады, ол 2016 жылдың 12 айына қарағанда 45%-ға артық. Негізінде, рента салығы, ЭКБ шығысының және көлік шығысының артуы себеп болып отыр, ол жалақы, тозу және амортизация шығысының төмендеуімен жойылған.

Жер қойнауын пайдаланушылардың Рента салығы және ЭКБ сияқты бюджетке төленетін салықтары мен төлемдерінің өсуі Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының анағұрлым жоғары болуымен (2016 жылдың 12 айындағы 1 баррельге 43,7 АҚШ долларымен салыстырғанда 1 баррельге 54,2 АҚШ доллары) және мұнай және мұнай өнімдерін экспортқа сату көлемінің артуымен байланысты, ол 2017 жылдың 12 айында теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамының төмендеуімен біртіндеп өтелді;

Бұдан бөлек, есептік кезеңде экспорттық сатудың артуы нәтижесінде көлік шығысының артуы орын алды.

4.3. Бірлескен-бақылау ұйымдары мен қауымдастырылған компаниялардың пайдадағы үлесі

(млн. теңге)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
«ТеңішеврОйл» ЖШС	289 980	147 910	142 069	96%
"Маңғыстау Инвестментс" БВ	49 605	29 766	19 839	67%

«КазГерМұнай» ЖШС	17 713	5 130	12 584	245%
«ПетроҚазақстан Инк»	7 234	(15 810)	23 044	-146%
«КазРосГаз» ЖШС	8 622	18 647	(10 025)	-54%
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	(16 788)	(11 535)	(5 253)	46%
Ural Group Limited	(1 877)	(1 578)	(300)	19%
Бейнеу – Шымкент газ құбыры	(669)	(3 452)	2 784	-81%
Каспий құбыр желісі консорциумы	54 666	74 909	(20 243)	-27%
ҚМГ Қашаған Б.В.	(10 208)	7 726	(17 934)	-232%
"Валсера Холдинг" БВ	9 751	10 414	(663)	-6%
Өзге	6 537	8 064	(1 527)	-19%
Жиыны	414 565	270 191	144 374	53%

2017 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған ұйымдардың кіріс үлесі 144 млрд. теңгеге немесе 53 %-ға, 2016 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 270,2 млрд. теңгеден 414,6 млрд. теңгеге дейін артты. Кіріс үлесінің артуына, негізінде, 2017 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша мұнайға арналған орташа бағаның өсуі нәтижесінде Топтың өндіруші активтері кірісінің өсуі себеп болып отыр. Бұл ретте, өткен кезеңде амортизация аударуда айырмашылықтың болуына байланысты ККС бойынша кейінге қалдырылған актив салығын аударуға байланысты есептік кезеңде ҚМГ Қашаған БВ қаржы нәтижесінің төмендеуі орын алды.

2017 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша Каспий құбыр желісі консорциумынан (бұдан әрі – КҚЖК) түсетін кірістің 54,7 млрд. теңгеге дейін төмендеуіне 2016 жылы КҚЖК үлестік кірісін есептеуді қайта қарау себеп болды. 2010 жылдан бастап КҚЖК есепке алу саясатын негізгі құралдарды есепке алу бөлігінде «тарихи өзіндік құн» әдісін «қайта бағаланған құн» әдісіне өзгертті, соның негізінде 2016 жылы қайта есептеу жүргізіліп, 31 млрд. теңге мөлшерінде қосымша кіріс есептелді.

«КазРосГаз» ЖШС бойынша таза пайданың төмендеуіне негізінде газды қайта өңдеуге арналған тарифтердің өсуі, экспорттық жеткізулердің төмендеуі, «Bank RBK» АҚ облигациялары бойынша резервтің құрылуы және ҚР ішкі нарығы бойынша ресейлік газ көлемінің артуы себеп болып отыр.

«Бейнеу-Шымкент» ЖШС бойынша залалдың төмендеуіне газ транзиті көлемінің артуына байланысты болып отыр, ол газ құбыры объектілері пайдалануға қайта енгізілгендіктен қаржы шығысы мен өндірістік шығыстың өсуімен ішінара жойылды.

4.4. Кіріс салығы шығысы

(млн. теңге)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Ағымдағы кіріс салығы:				
Корпоративтік кіріс салығы	110 916	80 090	30 826	38%
Үстеме пайда салығы	5 137	-1 128	6 265	-555%
Алынған дивиденттер бойынша төлем көзі салығы	21 967	4 637	17 330	374%
Мерзімі ұзартылған кіріс салығы:	54 009	80 192	-26 182	-33%
Кіріс салығы шығысы	192 030	163 791	28 239	17%

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде, Компанияның кіріс салығы бойынша шығысы 192 млрд. теңгені құрады, ол 2016 жылғы көрсеткіштен 17%-ға жоғары. Кіріс салығы шығысының өсуіне әлемдік орташа мұнай бағасының өсуі (бір баррель үшін 43,73 доллардан 54,19 долларға дейін), тасымалдау тарифтерінің және мұнайды, тауарлық газды сату және тасымалдау көлемінің өсуі есебінен салық салынатын кірістің артуы себеп болды. Есептік кезеңде уақытша айырмашылықтардың әсер етуі және активтер/негізгі құралдар құнының, оның ішінде ҚМГ БӨ салық провизияларын 2009-2012 жылдардағы кешенді салық тексерулеріне шағымдану нәтижелері бойынша төмендету есебінен өзгеруі салдарынан мерзімі ұзартылған кіріс салығының мөлшері өзгерді.

4.5. Тоқтатылған кірістен түскен кіріс/(залал)

Бұл бапта KMG International N.V., «Еуро-Азия Эйр» авиа компаниясы» ЖШС, «Қазақстан-Британ Техникалық университеті» ЖШС-тің Топ компанияларымен топшілік операциялары шегерілген көрсеткіштері берілген. Тоқтатылған қызметтен түскен Компанияның пайдасы 2016 жылғы 12 айдағы 360,9 млрд. теңгемен салыстырғанда 2017 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 789,2 млрд. теңгені құрады, бұл 428,3 млрд. теңгеге немесе 119%-ға

артуды көрсетеді. Негізгі өсім топшілік операцияларды алюминациялауға және мұнайды сату көлемінің өсуіне және Brent маркалы мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған орташа бағаның артуына байланысты KMG International N.V. көрсеткіштерінен көрінеді.

4.6. Күрделі шығыстар

Топтың күрделі шығыстары инвестициялық жобаларға, өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұруға салынған қаражатты және өзге де шығындарды (әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы) қамтиды. Есептік кезеңде күрделі шығыс 637,2 млрд. теңгені құрады, ол 2016 жылдың 12 айына қарағанда 83 млрд. теңгеге көп.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 ай ішіндегі Топтың анағұрлым маңызды инвестициялық жобаларының қатарына:

1. Мұнайды терең өңдеу кешенін және Атырау МӨЗ-да хош иісті көмірсутек өндіру кешенін салу;
2. Павлодар МХЗ жаңғырту;
3. Магистральдық газ құбырларының өткізу қабілеттілігін арттыру, компрессорлық станция салу және газдың жер асты қоймаларын арттыру жобалары.
4. Болашақта ТШО-ны кеңейту жобасы үшін Каспий класындағы баржаларды салу жатқызылды.

Қызметтің негізгі бағыттары бөлінісіндегі күрделі шығыстар:

(млн. теңге)	31.12.2017-де аяқталған 12 айда	31.12.2016-да аяқталған 12 айда	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай және газ барлау мен өндіру	135 199	147 285	-12 086	-8%
Мұнай тасымалдау	74 873	42 612	32 261	76%
Газ тасымалдау	140 487	88 851	51 636	58%
Шикі мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу және сату	260 040	233 253	26 787	11%
Өзге	26 594	42 141	-15 547	-37%
Күрделі қаржы салымдарының жиыны	637 193	554 142	83 051	15%

2017 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша күрделі қаржы салымдарының өсуіне «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының «Қараөзек» компрессорлық станциясын салу» жобасының іске асырылуы және «Бозой» жер асты газ қоймасында газды сақтау қуаттылығын арттыру» инвестициялық жобасы бойынша «36 ұңғыманы бұрғылау және жайластыру» жөніндегі жұмыстарды орындау графигінен алға кету себеп болды. Сонымен бірге «БГР-ТБА» магистральдық газ құбырында «Иссык АГРС құрылысы» жобасының жүзеге асырылуына және «Бухара-Орал» магистральдық газ құбырының 2-тінін күрделі жөндеудің аяқталуына байланысты.

Атырау және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарында 2017 жылы негізгі іске қосу және құрылыс-монтаж жұмыстарының жүргізілуіне байланысты жаңғырту жобалары бойынша күрделі шығындардың өсуі байқалады.

Мұнай тасымалдау бағыты бойынша күрделі шығыстың өсуіне «Теңізшевройл» ЖШС-ті болашақта кеңейту жобасы үшін МCV классты 3 (үш) баржа-алаң салу» жобасын және «ТШО-ны болашақта кеңейту жобасы үшін 3 (үш) буксир салу» жобасын КМТФ компаниясының іске асыра бастауы себеп болды. Сондай-ақ, ҚТО «Өзен – Атырау- Самара» ММҚ-да, «Түймазы-Омск-Новосибирск - 2» ММҚ-да құбырларды ішінара ауыстыруды және «Қаламқас – Қаражанбас - Ақтау» ММҚ-ны қайта жаңартуды жүзеге асырды.

Бұл ретте, есептік кезеңде 2016 жылғы 12 аймен салыстырғанда «Мұнай және газ барлау мен өндіру» бағыты бойынша бұрғылау және құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінің төмендегені, сондай-ақ «Теңізшевройл» ЖШС үшін қызметтер көрсету шеңберінде «KMG Drilling & Services» ЖШС 2016 жылы 28,5 млрд. теңгеге бұрғы қондырғысын сатып алуына байланысты «Өзге» бағыты бойынша ағымдағы кезеңде күрделі қаржы салымдарының қысқарғаны байқалады.

ГЛОССАРИЙ

BTL – Batumi Terminal Limited
EBITDA – салық төлегенге дейінгі пайда көлемін, амортизацияға арналған шығыстарды және несие бойынша пайыздарды көрсететін аналитикалық көрсеткіш
KMG Int.– KMG International N.V., біріктірілген румын мұнай-газ компаниясы
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ - Қор
АМС- Ақтаумұнайсервис (АМС тобы «Oil Service Company» «ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС)
АГҚ – Азия газ құбыры (орта азия газын Қытайға тасымалдауға арналған магистральдық газ құбыры)
АМҚС – автомобильге май құю станциясы
АМӨЗ – Атырау мұнай өңдеу зауыты
БГР-ТБА - Бұхар газды ауданы–Ташкент–Бішкек–Алматы
ББШ – «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральный құбыр желісі
Топ - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылауға құқылы заңды тұлғалар.
ЕТҰ – еншілес тәуелді ұйым
ШГА/ЕБЗ – Шикі газды айдау/Екінші буын зауыты
ҚПО- Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В.
КТЖ – Теңіз кен орнындағы кешенді технологиялық желі
ҚТМ –«Қазақтүрікмұнай» ЖШС
КРГ - КазРосГаз ЖШС
ҚМГ, Компания - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
ҚМГ Қарашығанақ - «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС.
ҚМГ БӨ - «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
ҚМГ ӨМ – «ҚМГ – өңдеу және маркетинг» АҚ
ХӨК – хош иісті көмірсутектерді өндіру кешені
ҚНК – қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚТГ – «ҚазТрансГаз» АҚ
КҚЖК – Каспий құбыр желісі консорциумы (Мұнайды Теңіз кен орнынан Қара теңіздегі Новороссийск портына дейін тасымалдауға арналған магистральдық мұнай құбыры)
ҚТО – «ҚазТрансОйл» АҚ
ҚМГ О –«ҚМГ-Өнімдері» ЖШС
ҚМГАэро - «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС
КО ҚМГ – корпоративтік орталық, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппараты
ММҚ – магистральдық мұнай құбыры
МГ – магистральдық газ құбыры
ҚР ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ПҚӨС – пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық
ҮПС – үстеме пайда салығы
МӨЗ – мұнай өңдеу зауыттары
СҚБЖ/БКЖ – сағалық қысымды басқару жобасы/Теңіз кен орнын болашақта кеңейту жобасы
ПКОП –«ПетроҚазақстан Ойл продактс» АҚ Шымкент мұнай өңдеу зауытының меншік иесі
ПМӨЗ – Павлодар мұнай өңдеу зауыты
ЖСҚ – жобалау-сметалық құжаттама
ҚМГ БӨ - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ББҰ – бірлесіп бақылау ұйымы
СКЖ – Солтүстік Каспий жобасы
СКЭБД – мұнайдың төгілуіне Солтүстік Каспий экологиялық ден қою базасы
ҚМЖ – құрылыс-монтаж жұмыстары
БК – бірлескен кәсіпорын
ӨКЖБҚ – өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғы қондырғысы
ӨБК – өнімді бөлу туралы келісім
ТШО –«Теңізшевройл» ЖШС
КС/КСШ – көмірсутек/көмірсутекті шикізат
КСШ – көмірсутекті шикізат
ЭКБ –Экспорттық кедендік баж